



«Бекітемін»

ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директоры

Г.Онланбекқызы

«19»

2024 ж.

Мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен «Әжем, анам және мен» республикалық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен «Әжем, анам және мен» республикалық байқаудың (бұдан әрі – Байқау) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын айқындайды.

1.2. Байқау ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі – Институт) 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** мектепке дейінгі ұйымдарда «Аналар мектебі», «Әжелер мектебін» ұйымдастыру және қызметін кеңейту бойынша озат тәжірибені жинақтау және тарату.

1.4. Міндеттері:

- балаларды отбасы дәстүрлеріне, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу;
- балаларды үлкенді сыйлауға оларға құрмет көрсетуге, еңбекқорлыққа баулу;
- балалардың дербестігі мен қызығушылығын ынталандыру;
- ата-аналармен достық қарым-қатынасты нығайту;
- педагогтерге ұлттық құндылықтарды балаларды толыққанды дамытудың заманауи теорияларымен үйлестіруге бағыт беру;
- қызықты жұмыс түрлерін ұйымдастыру арқылы ата-аналарды мектепке дейінгі ұйым қызметіне белсенді қатысуға тарту.

2. Ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, аудандық бөлімдер, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармалары.

2.2. Байқаудың I және II кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу үшін Ережеде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының байланыс телефондары мен электрондық пошталарына көрсету қажет.

2.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

I кезең – аудандық, қалалық;

II кезең – облыстық;

III кезең – республикалық.

2.4. Өңірлерде Байқау өткізу туралы хабарландыруды аудандардың, қалалардың білім бөлімдері, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармалары бұқаралық ақпарат құралдарында, Интернет-ресурстарда Байқау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды.

2.5. Байқаудың барлық кезеңдерінде материалдарды бағалау үшін басшылардың бұйрығымен аудан, қала (облыстық, республикалық маңызы бар қала), облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана (құрамы кемінде 7 адам) деңгейінде өңірлік комиссия құрылады.

2.6. Байқау комиссиясы аудандық, қалалық бөлімнің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармасының қызметкерлері, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, білікті педагогтер, әдіскерлер, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т. б. қатарынан құрылады.

2.7. Комиссия мүшелері келесі құқықтарға ие:

- әр номинацияда орындардың қайталануына жол беру;
- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, жүлделі орындарды бермеу;
- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарамау;
- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамау;
- Ережеде көрсетілген мерзімнен (2.11. тармақ) кеш жіберілген бейнематериалдарды қарамау.

2.8. Республикалық кезеңнің Байқау комиссиясының қарауына жолданатын материалдар тізімі:

1) облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) байқауға қатысу үшін **өтінім** (осы ереженің 1-қосымшасы);

3) қатысушылардың санын көрсете отырып, II кезең қорытындысы бойынша облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астана білім басқармаларының байқау комиссиясының **хаттамасы**;

4) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейнероликке қойылатын талаптар мен техникалық шарттарға сәйкес ұзақтығы 5 минуттан аспайтын қызықты кезеңдерден **бейнематериал**.

2.9. Материалдар «Әжем, анам және мен» байқауының атауымен **2024 жылдың «04» наурызынан** кешіктірілмей i-rrd2021@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

3. Қатысушыларға қойылатын талаптар және байқау шарттары:

3.1. Байқау мектеп жасына дейінгі қыздар (1 жеңімпаз), мектепке дейінгі топтар мен сыныптар арасында (1 жеңімпаз) олардың аналары мен әжелерінің қатысуымен өткізіледі.

3.2. Байқауға «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» жұмыстарын ұйымдастыру бойынша ата-аналар мен балалар және педагогтердің бірлескен әрекеттерінен үзінділер:

- заттық дамытушы ортаны жабдықтау;
- отбасылық салт-дәстүрлерге баулу (ұлттық тағамдар жасау, қонақ күту, қолөнер бұйымдарын әзірлеу және т.б.);
- топтағы шараларды (мерекелік, спорттық, отбасылық және т.б.) ұйымдастыруға әжелерді, аналарды тарту және т. б. болуы мүмкін.

3.4. Бейнелер YouTube бейне платформасына жүктеледі, өтінімде сілтеме орналастырылады.

3.5. Байқау кезінде түсірілген бейнежазбаларға, оларды таратуға, сондай-ақ жариялауға (оның ішінде Интернет желісінде) барлық құқықтар байқаудың ұйымдастыру комитетіне тиесілі және олар қатысушылардың келісімінсіз білім беру, әдістемелік мақсаттарда пайдалануы мүмкін.

3.6. Өтінім байқау өткізу шеңберінде болашақ қатысушының осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығының, жеке деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

4. Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау

4.1. «Әжем, анам және мен» байқауының республикалық кезеңінің қорытындысы бойынша келесі номинациялар белгіленеді:

- «Үздік аналар мектебі»;
- «Үздік әжелер мектебі»;
- «Өнегелі әже, тәрбиелі немере»;
- «Шебер ана, еңбекқор бала»;
- «Үздік ұйымдастырылған шара».

4.2. Байқау жеңімпаздары «Балаларды ерте дамыту институты» РММ дипломдарымен марапатталады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді дайындаған педагогтерге алғыс хаттар беріледі.

4.3. «Әжем, анам және мен» байқауының қорытындысы мен жеңімпаздардың байқауға ұсынған материалдары Институттың www.irtd.kz сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 28-09-50

_____ облысы бойынша
**Мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының
қатысуымен «Әжем, анам және мен»
республикалық байқауына қатысу үшін
ӨТІНІМ**

Білім беру ұйымының толық атауы (МДҰ Жарғысына сәйкес)	
Бала туралы мәліметтер (тегі, аты, жасы)	
Қатысушының аты-жөні, тегі	
Жауапты педагогтің аты-жөні	
Бейнеролик орналастырылған YouTube платформасындағы сілтеме	

**Бейнероликке қойылатын талаптар мен техникалық шарттар
(5 балл)**

Бейнероликтің басты бетінде: мектепке дейінгі ұйымның атауы; байқаудың атауы; қатысушылар туралы мәліметтер (баланың тегі, аты, жасы) және жауапты педагог туралы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) көрсету қажет.

Байқау материалдарын бағалау төмендегі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- педагогтің ұйымдастырушылық шеберлігі, балалардың байқау шарттарын түсінуі;

- байқау тақырыбына сәйкестігі;

- материалды берудегі өзіндік, стандартты емес, жаңалық;

- шығармашылық;

- орындаушылық шеберлік деңгейі (даралық, эмоционалдылық, әртістік);

- бейнематериалдың сапасы;

- жас сәйкестігі;

- ойын өткізу орнының талаптарына сәйкестігі (ұлттық стильде безендіру).

Бейнероликтің техникалық сипаттамалары:

- түсірілім кәсіби, сапалы, бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай (басынан аяғына дейін) орындалуы тиіс;

- бейнежазба MPEG-4 форматында қабылданады;

- бейнематериалдың ұзақтығы – 5 (бес) минуттан аспайды.

Жобаны қорғау барысы туралы бейнеролик өтінімге сілтеме орналастыра отырып, YouTube бейне платформасына жүктеледі.